

Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 20 маусымдағы N 16 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2011 жылы 11 шілдеде N 10-5-161 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 маусымдағы N 140 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 10.06.2013 N 140 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2012.08.27 N 228 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 және "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149-II Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2012.08.27 N 228 қаулысымен.

1. Жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін және қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының бір проценті мөлшеріндегі квота белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2012.08.27 N 228 қаулысымен.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары **Е. Қ а л и е в к е** жүктелсін.

3. Қармақшы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 27 мамырдағы "Қармақшы ауданында мүгедектер мен бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" N 1218 қаулысы **ж о й ы л с ы н .**

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң **қ о л д а н ы с қ а** енгізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2012.08.27 N 228 қаулысымен.

5. "Қармақшы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бастығы Ә.Қошалақов) жұмысқа орналасу үшін

өтініш берген мүгедектерді және қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды белгіленген квотаға сәйкес жұмыс орындарына орналастыруын қамтамасыз етсін.

Ескерту. Қаулы 5-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2012.08.27 N 228 қаулысымен.

Қармақшы ауданының әкімі

М. Ергешбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК